

# Қазақстан тарихы

## Сабақ тақырыбы:



*Исатай Тайманұлы  
мен Махамбет  
Өтемісұлы бастаған  
халық-азаттық  
көтеріліс*

**Тарих пәнінің  
мұғалімі: Тилекова С**

# «Ханталапай» әдісі арқылы топқа бөлу



# *Үй тапсырмасы*

## *Зымыран сұрақтар*

1. Патша үкіметінің Қазақстан аумағындағы отаршылдық іс-әрекеттерінің күшейген уақыты?
2. Елек өзенінің бойында қандай бекініс қорғандар құрылды ?
3. 1822 ж Ресейге қарсы Елек өзені бойындағы жерлерді қайтарып алу жолындағы күреске басшылық еткен табын руының батыры ?
4. «Орынбор губерниясының қырғыз (қазақ-авт) даласы мен шекарасында жаңа шекара шебін құру туралы» ереже қай жылы бекітілді ?
5. Патша үкіметінің кіші жүз қазақтарының жерін тартып алу себептері ?
6. 1825-26 жж Сібір және Орынбор аймақтық өкімет орындарына округтік приказдарды тарату туралы хат жазған кім?
7. Саяси сенімсіз және қылмыс жасаған қазақтар жер аударылатын орын?
8. Қарқаралы округі қазақтарының басқарушы сұлтаны ?
9. С.Қасымұлының жасағы патша үкіметіне қарсы қай жылы шайқасты?
10. Көтерілістің жеңілу себептері және тарихи маңызы?



# Мағынаны тану

*Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай.  
Еңку-еңку жер шалмай,  
Ерлердің ісі бітер ме?*






# Жаңа сабақ

Махамбет Өтемісұлы (1804 ж., туған жері Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының Нарын құмының Жанқұс жері. — қайтыс болған жері 1846 ж. қазан 20, Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысының Махамбет ауданы) — қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Байұлы ішіндегі Жайық-Беріш. Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Мәлінің қазақ әйелінен Өтеміс пен Шыбынтай, қалмақ әйелінен Қобылай туған. Өтемістен - он ұл, Шыбынтайдан - төрт ұл, Қобылайдан - үш ұл туып, Мәлі ұлдың өзінен он жеті немере сүйген адам. Бұл әулет Тайсойған құмындағы іргелі ауылдардың бірі. Атасы Құлмәлі, әкесі Өтеміс те өз заманында айтулы тұлғалар болған, Құлмәлінің тұқымынан би де, шешен де шыққан.





**Исатай Тайманұлы 1791 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы Тайсойған құмындағы Тайман жалы деген жерде дүниеге келген. 1838 жылы Көшентоған деген жерде дүниеден өтті.**

**1836-38 жылдары Батыс Қазақстанда болған халық көтерілісінің саяси көсемі, қайсар қолбасшысы, халық батыры. Байұлының Беріш руынан. Жоңғар шапқы ншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы. Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлы басынан өткен көптеген ауыр әрі қауіпті оқиғаларға мойымай асқан қайсарлық көрсетіп, өз жауларымен өмірінің ақырына дейін алысып өтті. Тек Исатай ғана "өлгенінше көпті соңына ерте алды" (Х. Досмұхамедов). "Тып-тыныш әлемде, қап-қара тұнық аспанда кейде жарқырап, зулап, жан-жағына отын шашып, жұртты таңқалдырып келе жатқан метеорды көресің. Тап осы метеор сияқты жарқын бейнелі, абзал, терең ақыл-ойдың иесі, халық камын ойлаған қажырлы батыр - Исатай" - деп жазды орыс журналисі Н. Савичев**



# ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУ

- 1-топ. Көтерілістің шығу себептері
- 2- топ. Көтерілістің барысы
- 3-топ. Көтерілістің жеңілу себептері,  
тарихи маңызы




# Сабақ сәтінен





# Постер қорғау



# *Хронологиялық кесте*

## *I топ*

1. 1836-1838 жж -
2. 1791-1838жж -
3. 1837 жылы қазан айы-
4. 1837 жыл 15 қараша –
5. 1838 жыл 12 шілде –
6. 1846 жылы -



## Жауабыңды тексер

- 1. 1836-1838 жж - И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс*
- 2. 1791-1838жж - И.Тайманұлының өмір сүрген уақыты*
- 3. 1837 жылы қазан айы – И.Тайманұлы бастаған көтерілісшілер Хан ордасына он шақырымдай жақындады.*
- 4. 1837 жыл 15 қараша – Тастөбе жеріндегі көтеріліс*
- 5. 1838 жыл 12 шілде – Қиыл және Ақбұлақ өзендері бойындағы шайқас*
- 6. 1846 жылы - билеуші- сұлтан Баймағамбет Айшуақұлының қаза болуы*

# СӘЙКЕСТЕНДІРУ

## II топ

Тастөбе жеріндегі шайқас қай жылы болды?

1838 жыл

«Бүлікшіл сұлтан»

Исатай Тайманұлы мен  
Махамбет Өтемісұлы

Ақбұлақ өзенінің бойындағы шешуші шайқас қай жылы болды?

1837 жыл 15 қараша

1836-1838 жж көтеріліс басшылары

М.Өтемісұлы

И. Тайманұлының ең жақын серігі

К.Қасымұлы



# Жауабыңды тексер

Тастөбе жеріндегі шайқас қай жылы болды?

1838 жыл

Ақбұлақ өзенінің бойындағы шешуші шайқас қай жылы болды?

Махамбет

1836-1838 жж көтеріліс басшылары

К.Қасымұлы

И. Тайманұлының ең жақын серігі

1837 ж 15 қараша

«Бүлікшіл сұлтан»

И.Тайманұлы,  
М.Өтемісұлы

# Тест жұмысы

1. Бөкей Ордасында болған көтерілістің мақсаты айқын көрінеді:  
A) Махамбеттің өлеңдерінде B) Исатайдың старшындар съезінде сөйлеген сөзінде  
C) Көтерілісшілердің патшаға жазған үндеуінде
2. 1837 жылы хан сарайын қоршауға алғандағы көтерілісшілердің саны  
A) 10 мың B) 5 мың C) 2 мың
3. Исатай қаза тапқан шайқас:  
A) Тастөбе B) Ақбұлақ C) Теректіқұм
4. Исатайдың подполковник Геке мен Жәңгірдің біріккен әскерімен шайқасы болды  
A) 1836 ж. Қазанда B) 1837 ж. Қазанда C) 1837 ж. қарашада
5. Исатай көтерілісін тездетіп басуға әсер еткен жағдай  
A) Кенесары қозғалысының Кіші жүзді шарпуы B) Көтерілісшілер санының көбеюі  
C) Тастөбе түбіндегі көтерілісшілердің жеңілісі
6. Патша үкіметінің Исатайды ұстап берушіге белгіленген сыйдың мөлшері  
A) 2000 сом B) 1000 сом C) 500 сом
7. 1837 жылы қазанның 15 де Исатай мен Махамбет бастаған қол Теректіқұмда кімнің ауылын ойрандады  
A) Баймағамбет сұлтанның B) Жәңгір ханның C) Балқы бидің
8. Патшаны қолдаушылардың ұйымдастыруымен Н.Өтемісұлы өлтірілді  
A) 1838 жылы B) 1842 жылы C) 1846 жылы

# Жауабыңды тексер

1- А

2- С

3- В

4- С

5- А

6- В

7- С

8- С


# СЕРГІТУ СӘТІ

М.Өтемісұлының күйі  
«Жұмыр қылыш»





# Рефлексия





# Бағалау

| Бағалау критерий                             |  | Жетістіктең ең жоғарғы деңгейі | Барлығы – 15 ұпай |
|--|--|--------------------------------|-------------------|
| Критерийлер                                  |  |                                |                   |
| А<br>Білу                                    | Үй тапсырмасы бойынша диалогтық оқыту сұрақтарына жауап беру | 5 ұпай                         |                   |
| В<br>Түсіну<br>Талдау<br>Қолдану<br>Жинақтау | Берілген тақырыпта бойынша постер қорғау                     | 5 ұпай                         |                   |
| С<br>Бағалау                                 | Өз пікірін берілген тақырыпқа көзқарасын білдіру             | 5 ұпай                         |                   |

A clapperboard icon with a red light and stars, positioned at the top left of the slide.

# *Үй тапсырмасы*

1. §. 19 тақырыпты оқу

2. “ 1836 - 1838 жж көтерілістің тарихи маңызы”  
эссе жазу

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА  
РАХМЕТ!

